Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ

**Хаттама**

Өткізілген күні: 31.01.2025жыл

**Қатысқандар:**

Мектеп басшысы: К.К.Бимағанбетова

Әлеуметтік педагог: Ж.Ә.Жұмадиева

Комиссия мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1.Тамақтану сапасына мониторинг

2.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаңтар айында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераж комиссиясы мектеп асханасына тексеру жүргізді. Асханалық аспаптары дұрыс сақталған. Ауыз су режимі ұйымдастырылған. Жиһаздардың жай-күйі, күнделікті мәзір, дайын өнімдердің сапасы, ас блогы үй жайының жағдайы талапқа сай. Ыдыс жуу ережесі нұсқаулығы бар. Асханада және ас үй ыдыстары үшін жуу және өңдеу, сақтау үшін жағдайлары бөлек. Жуу құралдары бар, жуу құралдарын сақтау үшін тңбалау шарттары жеке жабық ыдыста. Өнімдердің температуралық-ылғалдылық, қоймада термометр режимі сақталған. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері, тәуліктік сынамаларды сақтау шарттары дұрыс. Сапа мен қауіпсіздікті куәландыратын құжатттары бар.

**Қаулы:**

1. Асхананың санитариялық жай-күйі қанағаттанарлық.

2. Асхана мәзірінің перспективалық мәзірімен сәйкес келуін қадағалау мектеп медбикесі Л.Коптилеуоваға жүктелсін.

**Жиналыс төрайымы:** **К.К.Бимағанбетова**

**Хатшы:** **Ж.Ә.Жұмадиева**

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ

**Хаттама**

Өткізілген күні: 28.02.2025жыл
**Қатысқандар:**
Мектеп басшысы: К.К.Бимағанбетова
Әлеуметтік педагог: Ж.Ә.Жұмадиева
Комиссия мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1.Тамақтану сапасына мониторинг
2.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ақпан айында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераж комиссиясы мектеп асханасына тексеру жүргізді. Мектепте жұмыс жасап отырған асхана санитарлық ереже талабына сай. Технологиялық құралдармен, тамақ пісіретін қажетті электр плиталары, ыдыс аяқтар және тоңазытқыштармен қамтылған. Асхананың материалдық -техникалық базасы жақсы деңгейде. Қойма бөлмесі, мұздатқыш жұмыс жасап тұр. Тамақ асханада дайындалады. Аспаздың кәсіптік білімі бар. Жасөспірімдердің тамағының нәрлілігі мен құрамы талапқа сай болуы үнемі басты назарда. Асханада ас мәзірінің орны белгіленіп, күнделікті берілетін дәрумендi тамақтар мен жеміс жидектердің ауысып келіп отырылуын мектеп әкімшілігі басшылықта ұстайды.Тамақ пісіруде йодталған тұз пайдаланылады. Сүт өнімдері де белгіленген нормаға сәйкес берілуде. Асхананың жұмыс істеуіне қажетті бұйрықтар шығарылып,ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтану уақыты сақталған.

**Қаулы:**

1. Асхананың санитариялық жай-күйі қанағаттанарлық.
2. Асхана тазалығын қадағалау ШЖО Г.Камиловаға жүктелсін.

***Жиналыс төрайымы:*** **К.К.Бимағанбетова**

**Хатшы:** **Ж.Ә.Жұмадиева**

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ

**Хаттама**

Өткізілген күні: 20.03.2025жыл
**Қатысқандар:**
Мектеп басшысы: К.К.Бимағанбетова
Әлеуметтік педагог: Ж.Ә.Жұмадиева
Комиссия мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1.Тамақтану сапасына мониторинг
2.Әртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша наурыз айында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында бракераж комиссиясы мектеп асханасына тексеру жүргізді. Тексеру барысында асхана іші жарық, санитарлық жағдайы ұйымдастырылған және тазалық сақталған. Мектеп асханасына «Дұрыс тамақтану» бұрышы жасақталған. Тексеру барысында қойма бөлмесінде көкөністер: картоп, сәбіз, пияз - орналасу тәртібі дұрыс жолға қойылып, арнайы жәшіктерге орналастырылған, бөгде заттар анықталмады. Ұн, жарма өнімдері арнайы эмальді ыдыстарға салынып, қақпағы жабылған. Технологиялық құралдары түгел: электроқуатты пеш, жұмыс үстелі жеткілікті. Асханада пышақтар, тақтайшалар толық таңбаланылған; шикі және даяр азық-түліктерге, нан өнімдері мен көкөністерге арналған орындар 1 пайыз уксус ерітіндісімен өңделеді. Шеті сынық ыдыстарды аспазшылар қолданылмайды. Ыдыс жуу ережесі бар, алайда жуу құралдарын жеке жабық ыдыста танбалану туралы жеке кәсіпкерге ескерту берілді.

**Қаулы:**

1. Асхананың санитариялық жай-күйі қанағаттанарлық.

2. Жеке кәсіпкер Г.Аджибаеваға берілген ескертудің орындалысын қадағалау әлеуметтік педагог Ж.Ә.Жұмадиеваға жүктелсін.

***Жиналыс төрайымы:*** **К.К.Бимағанбетова**

**Хатшы:** **Ж.Ә.Жұмадиева**